



БҰЙРЫҚ

18.12.2015 м.

Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ 197

город Астана

**Жеке және заңды тұлғалардың
өтініштерін есепке алу
қағидаларын бекіту туралы**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІ
20 16 ж. « 20 » 01
Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік
тіркеу тізіліміне № 12893
болып тіркелді

«Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы Заңының 7-бабы 2-тармағын іске асыру, құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілерінің жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау есептілігін жүргізуді қамтамасыз етуі мақсатында және «Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Заңының 11-бабы 4-1) тармақшасын басшылыққа ала отырып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін есепке алу қағидалары бекітілсін.

2. Осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті (бұдан әрі - Комитет):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесіне және мерзімді баспасөз басылымдарына ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықтың көшірмесін Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының интернет-ресурсына орналастыруды;

4) осы бұйрықтың мүдделі құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілеріне, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының құрылымдық бөлімшелеріне мәлімет және жұмыста қолдану үшін, Комитеттің аумақтық басқармаларына орындау үшін жолдануын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Комитет Төрағасына жүктелсін.

Handwritten signature

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының
Бас Прокуроры**



А. Дауылбаев



Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының
2015 жылғы «__» _____
№ бұйрығына
1-қосымша

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін есепке алу Қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін есепке алу қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) 2007 жылғы 12 қаңтардағы «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 2-тармағын (бұдан әрі – Заң) іске асыру мақсатында әзірленді және жеке және заңды тұлғалардың (бұдан әрі – субъектілер) мемлекеттік органдарға, жергілікті өзін-өзі басқару органдарына, мемлекеттің қатысуы жүз пайызды құрайтын заңды тұлғаларға келіп түсетін өтініштерін есепке алудың тәртібін реттейді.

2. Жеке және заңды тұлғаның өтініші субъектінің ведомстволық автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – ААЖ) немесе Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің (бұдан әрі – Комитет) ақпараттық жүйесінде есепке алынады.

3. Өтініштерді есепке алу электрондық есепке алу нысанында – жеке (заңды) тұлғаның өтініштерін есепке алу карточкасында (бұдан әрі - өтінішті есепке алу карточкасы) осы Қағидалардың 1-қосымшасы немесе өтініштерді есепке алу карточкасының есепке алу мәліметтерінің тізімін қамтитын ведомстволық ақпараттық есепке алу нысанында тиісті жолдарды толтыру және олардың мәліметтерін мемлекеттік құқықтық есептілікте көрсету арқылы жүргізіледі.

2. Өтініштерді қабылдау және есепке алу тәртібі

4. Кез келген келіп түскен өтініш өтініштің мазмұны бойынша қысқаша деректерді өтінішті есепке алу карточкасында немесе ведомстволық ақпараттық есепке алу нысанында бекіту және тіркеу нөмірін тағайындау арқылы тіркелуі тиіс.

Өтініштің тіркеу нөмірі автоматты түрде толассыз тәртіпте беріледі.

Жеке тұлға өтінішінің тіркеу нөмірі «ЖТ» әріптік индексінен, автор тегінің бірінші әрпінен және өтінішті есепке алу карточкасындағы реттік нөмірден тұрады.

Заңды тұлға өтінішінің тіркеу нөмірі «ЗТ» әріптік индексінен, өтінішке қол қойған лауазымды тұлға тегінің алғашқы әрпінен және өтінішті есепке алу карточкасындағы реттік нөмірден тұрады.

Жасырын өтініштің тіркеу нөмірі «АНМ» әріптік индексінен және өтінішті есепке алу карточкасындағы реттік нөмірден тұрады.

Ұжымдық өтініштің тіркеу нөмірі «ҰҚ» әріптік индексінен және өтінішті есепке алу карточкасындағы реттік нөмірден тұрады.

5. Өтінішті тіркеу алдында ААЖ бойынша тексеру жүргізіледі және өтініш қайталанды ма немесе алдыңғы өтініштің көшірмесі емес пе екендігі анықталады.

Қайталанған өтінішті және өтініштің көшірмесін тіркеген кезде тіркеу нөмірінде оның қайталануы (1, 2, 3) немесе көшірмесі қиғаш сызық (жарнақ) арқылы көрсетіле отырып (1/, 2/, 3), бірінші өтініштің тіркеу нөмірі көрсетіледі.

Өтініштің қаралуын тоқтату туралы өтінішхаты бар өтініш келіп түскен жағдайда, ол тіркелгеннен кейін негізгі өтінішті есепке алу карточкасының «Тоқтату туралы өтінішхат келіп түсті» 24 деректемесінде тиісті белгі қою арқылы қараусыз негізгі өтінішке қоса тіркеледі.

6. Өтініштерді тіркеу осы Қағидалардың 4 және 5-тармақтарының талаптарына сәйкес оның қабылдану (келіп түскен) күні жүзеге асырылады.

7. Субъектіге тікелей жазбаша жүгінген жеке тұлғаға немесе заңды тұлғаның өкіліне бірегей нөмір көрсетіле отырып, осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес нысандағы талон беріледі.

8. Талонның бірегей нөмірінде алғашқы жұппен өтінішті тіркеген жыл белгіленеді, екінші жұппен облыс коды белгіленеді (республикалық маңызы бар қалалар, астаналар), үшінші жұппен - аудан коды (облыстық маңызы бар қалалар, аудандық маңызы бар қала) төртінші жұппен – ауылдық округ коды. Субъект коды және талонның реттік нөмірі бес саннан тұрады.

9. Субъектінің коды «Тұлғалардың өтініштерін бірыңғай есепке алу» автоматтандырылған ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – ТӨБЕ ААЖ) субъектілерінің анықтамалығынан пайдаланылады.

10. Өтінішті «Қазпошта» акционерлік қоғамы арқылы тапсырыс хатпен алған кезде өтініштерді есепке алу карточкасының «Бірегей нөмір» 8-деректемесінде субъект пошта байланысы бөлімінде берілген 13-таңбалы штрихті пошта идентификаторын енгізеді және оған «55555» символдарын қосады.

11. Заңының 7-бабы 6-тармағына сәйкес басқа субъектіге өтінішті қарау үшін жолдаған кезде ілеспе хатта осы өтініштің бірегей нөмірі көрсетіледі, ол өз кезегінде өтінішті қабылдайтын субъектінің өтініштерді есепке алу карточкасында көрсетіледі.

12. Бірегей нөмір бір рет, өтінішті бастапқы тіркеген кезде беріледі.

13. Заңға сәйкес есепке алуға жатпайды:

1) «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі Заңның 4-бабы 1-тармағының 3)-тармақшасында көзделген өтініштерді қоспағанда, мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мәселелері бойынша;

2) әкімшілік құқық бұзушылық, қылмыстық процестік, азаматтық іс жүргізу туралы Қазақстан Республикасы заңнамасында белгілеген тәртіппен қаралуы тиіс өтініштер.

14. Өтініште бірнеше мәселе қойылған жағдайда, олардың ішінде қаралуы субъектінің құзіретіне кірмейтін мәселелер болса, ол бұл өтінішті тіркейді және өз өкілеттіліктеріне сәйкес Заңның 8-бабында белгіленген мерзімде шешеді.

Сонымен бірге, шешуі оның құзіретіне кірмейтін өзге де мәселелерді қарау үшін, өтініш берушіге міндетті түрде хабарлай отырып, өтініштің көшірмесі Заңның 7-бабы 6-тармағына сәйкес құзіреттілігі бойынша басқа субъектіге, лауазымды тұлғаға жолданады.

Бұл өтінішті субъекті қаралған ретінде есепке алады.

15. Өтінішті бірнеше субъектілер қарастырған кезде, жауапты тікелей өтініш берушіге беретін субъект өтінішті есепке алу карточкасын қояды. Бұл ретте, субъект (жинақтаушы) өтінішті «Азаматтардың өтініштері» автоматтандырылған базасында тіркейді, қалған бірлесіп орындаушы мемлекеттік органдар өтініштерді «Қызметтік корреспонденция» автоматтандырылған базасында тіркейді.

16. Өтінішті есепке алу карточкасы деректемелік құрамға сәйкес толтырылады.

Бұл ретте:

7-деректемеде: жүгінген тұлғаның әлеуметтік мәртебесі, егер өтініште ол жөнінде мәліметтер бар болса Жүгінген тұлға кодтарының анықтамалығы бойынша осы Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес көрсетіледі;

12-деректемеде: өтініштің қайталану себебі (өтініш қайтадан түскен жағдайда толтырылады) Қайталанған өтініштердің себептері кодтарының анықтамалығы бойынша осы Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес көрсетіледі;

14-деректемеде: өтініш түрінің коды осы Қағидалардың 5-қосымшасына сәйкес көрсетіледі, егер өтініштің түрі сұрау болса, онда ЖСН/БСН болуы қажет (6-деректемеде).

18-деректемеде: өтінішті орындау мерзімінің соңғы күні (толтырылуы міндетті). Бағдарлама автоматты түрде күнтізбелік отыз күн мерзімді белгілейді, басқа мерзім көзделген жағдайда, орындаудың басқа күні белгіленеді. Өтінішті қарастыру мерзімін ұзартқан жағдайда орындалу мерзімнің орнына ұзартылған мерзімді қою қажет, дегенмен, осы деректемеде ішкі бақылау мерзімі көрсетілмеуі тиіс;

27-деректемеде өтініш бойынша қабылданған шешімдер туралы мәліметтер, өтініш бойынша шешімнің коды өтініш бойынша қабылданған шаралар кодының анықтамасына сәйкес осы Қағидалардың 6-қосымшасы бойынша көрсетіледі.

3. Субъектілердің жеке және заңды тұлғалардың өтініштері туралы есепке алу мәліметтерін ұсыну тәртібі

17. Субъектілер жеке және заңды тұлғалардың өтініштері туралы, сондай-ақ бұрын тіркеліп, шешім қабылданған өтініштер бойынша есепке алу мәліметтерін Комитетке және оның аумақтық органдарына субъектінің ведомстволық ақпараттық жүйелерінен немесе Комитеттің ақпараттық жүйесінен мәліметтерді шығару жолымен күн сайын ұсынады.

18. Субъектінің лауазымды тұлғасы өтініштің есепке алу мәліметтерінің уақтылы, толық, айқын тіркелуін және енгізілуін, жеке және заңды тұлғалардың өтініштері туралы есепке алу мәліметтерінің айқындылығын, толықтығын және Комитетке және оның аумақтық органдарына уақтылы ұсынылуын қамтамасыз етеді.

4. «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау туралы» есептілікті қалыптастыру тәртібі

19. Республика бойынша «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау туралы» №1-ТӨ нысанды есеп (бұдан әрі - Жиынтық есеп) осы Қағиданың 7-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Комитеттің орталық аппаратында автоматтандырылған тәртіпте ТӨБЕ ААЖ-ға субъектілерден түскен мәліметтер негізінде қалыптастырылады.

Жиынтық есеп ай сайын есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-күнінде қалыптастырылады және Комитет Төрағасы қол қояды.

20. Комитет жиынтық есепті Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасына есептік кезеңнен кейінгі айдың 12-күніне қарай ұсынады.

21. Өтініштердің көшірмелері және өтініштерді қарауды тоқтату туралы өтінішхат, Ақпаратты есепке алу кітабында (АЕК) және Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімінде (СДТБТ) тіркелген өтініштер есепте көрсетуге жатпайды.

22. ТӨБЕ ААЖ-ға түскен мәліметтердің айқындылығын және толықтығын қамтамасыз ету мақсатында, Комитеттің және оның аумақтық органдары субъектілермен бірлесіп әр айдың 1-5-күндері аралығында, келіп түскен өтініштердің саны мен оларды қарау нәтижелері туралы тексеру жүргізеді.

Тексеру жүргізілген соң есептікті қалыптастыруға негіз болатын мәліметтерге субъектілер өзгерістер енгізбейді.

Жеке және заңды тұлғалардың
өтініштерін есепке алу Қағидаларына
1-қосымша

Нысан

Жеке (заңды) тұлғалардың өтініштерін есепке алу
КАРТОЧКАСЫ

1. Карточканың базалық деректемелері
(өтінішті тіркеген кезде толтырылады)

- 1.* Өтінішті тіркеген субъектінің (лауазымды тұлғаның) коды және атауы _____;
(мемлекеттік органдардың анықтамалығынан 1 рет толтырылады)
- 2.* Жүгінген жеке тұлғаның тегі _____;
- 3.* Жүгінген жеке тұлғаның аты, әкесінің аты (бар болса) _____;
- 4.* Жүгінген жеке, заңды тұлғаның пошта мекенжайы _____;
- 4-1.* Жүгінген жеке, заңды тұлғаның электрондық мекенжайы (көрсетілген болса) _____;
- 5.* Жүгінуші заңды тұлға атауы _____;
6. ЖСН/БСН (егер өтініштің түрі «сұрау» болса (14-деректемеден), ЖСН/БСН деректемесінің толтырылуы міндетті) _____;
7. Жүгінген адамның әлеуметтік мәртебесі (міндетті емес, көрсетілетін болса толтырылады) _____;
8. Бірегей нөмір _____;
- 9.* Тіркеу нөмірі және тіркеу күні _____ «__» _____ 20__ ж.;
10. Шығыс нөмірі және заңды тұлғаның жүгінген күні (міндетті емес, көрсетілген болса толтырылады) _____;
- 11.* Өтініштің нысаны: (1) – қағаз түрінде, (2) – электрондық, (3) - жеке қабылдаудан, (4) – ауызша, (5) –бейне өтініш;
12. Қайталанған өтініштің себебі (міндетті емес, 13-деректеме толтырылса, міндетті);
13. Өтініштің қайталану белгісі (міндетті емес, өтініш қайталанған және 12-деректеме толтырылған болса міндетті түрде толтырылады) _____ (1,2 және әрі қарай қайталану саны бойынша);
- 13-1. Өтініштің көшірме данасының белгісі (міндетті емес, өтініштің көшірме данасы келіп түскен жағдайда толтырылады) _____ (көшірме даналардың саны бойынша 1/2/3 және т.б.);
- 14.* Өтініштің түрі: _____ ;
- 15.* Өтініштің тілі _____ (1) - мемлекеттік, (2) - ресми, (3) – өзге;
- 16.* Өтініш келіп түсті (міндетті емес, егер өтініш басқа мемлекеттік органнан, өзге лауазымды тұлғадан келіп түскен болса, толтырылады): _____ (субъектінің коды және атауы мемлекеттік органдардың анықтамалығынан немесе болмаған жағдайда – қолмен толтырылады);
- 17.* Өтініш жоғары тұрған субъекіден келіп түсті: иә ___ жоқ ___ (міндетті);
- 18.* Өтінішті қарау мерзімі «__» _____ 20__ ж.;
- 19.* Өтінішті орындаушы және телефон нөмірі _____
(Субъект қызметкерінің(лерінің) Т.А.Ә.)

2. Өтініштің мазмұны туралы мәліметтер
(өтінішті алған кезде орындаушы толтырады)

- 20.* Іс-әрекеті шағымдалған органның атауы _____
(мемлекеттік органдардың анықтамалығынан толтырылады);
21. Іс-әрекеті шағымдалған лауазымды тұлғаның тегі, аты-жөні (өтініште көрсетілген болса) (міндетті емес, көрсетілген болса толтырылады) _____;
- 22.* Өтініш сұрағының сипаты _____ (өтініш сұрақтарының коды ЭҚАБЖ-нде қолданылатын сұрақтар сипатының анықтамалығына сәйкес көрсетіледі);
- 23.* Өтініштің қысқаша мазмұны (аңдатпа) (150 таңбадан көп емес) _____;

3. Өтінішті қарау нәтижелері
(орындаушы толтырады)

24. Тоқтату туралы өтінішхат келіп түсті (осы деректемені толтыру кезінде 28* және 31*- деректемелер толтырылмайды) « ____ » _____ 20__ ж. (міндетті емес, бар болса толтырылады). Өтінішхат тіркегеннен кейін негізгі өтінішке қоса тіркеледі;
25. Өтініш жолданды (міндетті емес, көрсетілген болса толтырылады) (егер өтініш басқа органға жолданса): (1) – төмен тұрған субъектіге; (2) – жоғары тұрған субъектіге, (3) – ведомстволық бағынысы бойынша; (4) – өзге елдердің мемлекеттік органдарына, (5) – сұрау жолданды (өтінішті қарау барысында сұрау жолданған жағдайда толтырылады);
26. СДТБТ-нда немесе АЕК-нда тіркелген өтінішті тіркеу № (құқық қорғау және арнайы мемлекеттік органдарға ғана) _____;
- 26-1. СДТБТ-нда немесе АЕК-нда тіркелген өтінішті тіркеу күні (құқық қорғау және арнайы мемлекеттік органдарға ғана) _____;
- 27.* Өтініш бойынша шешім: ____ (анықтамалықтан толтырылады, Ереженің 6-қосымшасы);
- 28.* Өтініш берушіге жолданған жауаптың мәні (1000 символдан артық емес).

29. Қарау мерзімі « ____ » _____ 20__ ж. дейін ұзартылды (міндетті емес, мерзімі ұзартылса, көрсетіледі);
- 30.* Өтініш берушіге жауап беру (қабылданған шешімнің) немесе өтінішті өзге органға қайта жолдау күні « ____ » _____ 20__ ж.
- 31.* Шығыс нөмірі _____;
32. Өтінішті қарау нәтижесі бойынша тәртіптік жауаптылыққа тартылған адамдар саны _____ (міндетті емес);
33. Өтінішті қарау нәтижесі бойынша әкімшілік жауаптылыққа тартылған адамдар саны _____ (міндетті емес);
- 33-1 Өз қызметкерлері қатарынан азаматтардың өтініштерін тиісті дәрежеде қарамағаны үшін тәртіптік жауапкершілікке тартылғандар: _____;
- 33-2 Өз қызметкерлері қатарынан азаматтардың өтініштерін тиісті дәрежеде қарамағаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылғандар: _____;
34. Субъектінің ААЖ-не мәліметтерді енгізген (бағдарлама автоматты түрде толтырады) _____

(субъект қызметкерінің Т.А.Ө.)

Ескертпе: *міндетті толтыруға жататын деректемелер белгіленген

Жеке және заңды тұлғалардың
өтініштерін есепке алу
Қағидаларына 2-қосымша

Нысан

ТАЛОН
(түбіртек)

ТАЛОН
(корешок)

□□□□□□□□□□□□□□□□□□□□□□

(талонның саны/номер талона)

Өтініш/обращение

(өтініш берушінің аты-жөні немесе атауы/фамилия, инициалы либо наименование заявителя)

«__» _____ 20__ ж./г.

Өтінішті қабылдаған қызметкердің лауазымы, аты-жөні, қолы/ должность, фамилия, инициалы, подпись сотрудника, принявшего обращение

(қолы/подпись)

Талон қабылдаушының қолы/ подпись получившего талон

_____ «__» сағ/час «__» мин.

«__» _____ 20__ ж./г.

ТАЛОН
(жыртылмалы талон)

ТАЛОН
(отрывной талон)

□□□□□□□□□□□□□□□□□□□□□□

(талонның саны/номер талона)

Өтініш/обращение

(өтініш берушінің аты-жөні немесе атауы/ фамилия, инициалы либо наименование заявителя)

(қабылданды/принято. Қабылдаған/принял (лауазымы, аты-жөні/ должность, фамилия и инициалы)

(субъект атауы, мекенжайы және қызметтік телефоны/ наименование субъекта, адрес и служебный телефон)

Ескерту \примечание:

Өтініш бойынша шешім Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен белгіленген мерзімде қабылданатын болады.

Решение по обращению будет принято в сроки, установленные законодательными актами Республики Казахстан

_____ «__» _____ 20__ ж./г.

(қолы / подпись)

Интернет желісінің мекенжайы:

<http://service.pravstat.kz>

Адрес Интернет ресурса:

<http://service.pravstat.kz>

1012 нөміріне SMS хабарлама

SMS сообщения на номер 1012

Стационарлық телефон арқылы

8 800-080-7777 нөмірге

Со стационарного телефона на

номер 8 800-080-7777

Ұялы телефон арқылы 1414 нөміріне

С мобильного телефона на номер 1414

Ескерту \примечание:

Көрсетілген қызметтер барлық

байланыс операторлары бойынша

құны 15 теңге тұратын

SMS-хабарламалардан басқаларында

ақысыз жүзеге асырылады.

Указанные услуги, за исключением SMS -сообщения

стоимостью 15 тенге на все операторы связи,

осуществляются бесплатно.

Жеке және заңды тұлғалардың
өтініштерін есепке алу Қағидаларына
3-қосымша

Жүгінген тұлға мәртебесі кодтарының
АНЫҚТАМАЛЫҒЫ

- 01 – Азамат
- 02 – Мемлекеттік қызметкер
- 03 – Әскери қызметкер
- 04 – Сотталған
- 05 – Адвокат, қорғаушы
- 06 – Кәмелетке толмаған
- 07 – Тергеуде болған
- 08 – Қылмыстық қол сұғушылықтан зардап шеккен адам
- 09 – Іс жүргізуге қатысушы
- 10 – Чернобыль АЭС-ндағы апаттың салдарын жоюға қатысушы
- 11 – Желтоқсан оқиғасының қатысушысы
- 12 – Саяси қуғын-сүргіннен зардап шеккендер
- 13 – Саяси қуғын-сүргін құрбандарының өкілі
- 14 – Саяси баспана алған
- 15 – Кеңес Одағының Батыры, Социалистік еңбек ері, Халық Қаһарманы, Еңбек Ері
- 16 – кәмелетке толмаған тұлғаның, кәмелетке толған, бірақ әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеттілігі шектеулі деп танылған тұлғаның қамқоршысы (қорғаушысы)
- 17 – Зейнеткер
- 18 – Еңбек ардагері
- 19 – Ұлы отан соғысқа қатысушы, оған теңестірілген адам
- 20 – Тыл еңбекшісі
- 21 – Ұлы отан соғыс мүгедегі, оған теңестірілген адам
- 22 – Бала кезінен мүгедек
- 23 – Мүгедек
- 24 – Көп балалы
- 25 – Босқын
- 26 – Эмигрант
- 27 – Шетелдік азамат
- 28 – Азаматтығы жоқ адам
- 29 – Оралман
- 30 – Жұмыссыз
- 31 – Оқушы
- 32 – Ауыл тұрғыны
- 33 – Кәсіпкер
- 34 – Депутат кандидатына сенімді тұлға
- 35 – Президент кандидатына сенімді тұлға
- 36 – Сайлаушы
- 37 – Депутаттыққа үміткер
- 38 – Депутат
- 39 – Бақылаушы
- 40 – Иесі бүркемеленген
- 41 – Ұжым

- 42 – Ғалым
- 43 – Өнертапқыш, рационализатор
- 44 – Жазушы
- 45 – Журналист
- 46 – Өнер қайраткері
- 47 – Өз-өзімен қолы бос емес адам
- 48 – Үй шаруасындағы адам
- 49 – Үкіметтік емес ұйымдар, қоғам, кеңестер, ассоциациялар
- 50 – Партиялар, саяси бірлестіктер
- 51 – Бұқаралық ақпарат құралдары
- 52 – Мемлекеттік орган (мекеме)
- 53 – Жергілікті өзін-өзі басқару органы
- 54 – Мемлекеттің қатысуымен заңды тұлға
- 55 – Кәсіпорындар, фирмалар, өзге де мемлекеттік емес ұйымдар
- 56 – Халықаралық ұйымдар
- 57 – Шетелдік ұйымдар мен компаниялар
- 58 – Тұлдыр жетім

Жеке және заңды тұлғалардың
өтініштерін есепке алу
Қағидаларына 4-қосымша

Қайталанған өтініш себептері кодтарының АНЫҚТАМАЛЫҒЫ

- 1 - бастапқы өтініш бойынша қабылданған шешім шағымдалады
- 2 - бастапқы жіберген өтініштің уақытында қаралмағаны туралы, егер ол келіп түскен уақыттан бастап белгіленген қарау мерзімі өтіп кетсе, бірақ өтініш беруші жауап алмаған жағдайда хабарланады
- 3 - бастапқы өтінішті қарау және шешу барысында жіберілген басқа да кемшіліктер көрсетіледі

Жеке және заңды тұлғалардың
өтініштерін есепке алу Қағидаларына
5-қосымша

Өтініштің түрлері

- 1 – өтініш
- 2 – шағым
- 3 – сұрау
- 4 – үндеу
- 5 – ұсыныс

Жеке және заңды тұлғалардың
өтініштерін есепке алу
Қағидаларына 6-қосымша

Өтініштер бойынша қабылданған шаралар кодтарының
АНЫҚТАМАЛЫҒЫ

Өтініш бойынша шешім:

1. Қанағаттандырылды:

- 1) өтініш толығымен қанағаттандырылды;
 - 2) өтініш ішнара қанағаттандырылды;
 - 3) Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзу жойылды;
 - 4) Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзу дерегі бойынша материалдар құзыретті органға шаралар қабылдау үшін жіберілді;
 - 5) ұйғарым енгізілді;
 - 6) наразылық енгізілді;
 - 7) талап қойылды;
 - 8) ұсыныс енгізілді;
 - 9) қылмыстық іс қозғалды;
 - 10) өтінішті тиісті дәрежеде қарамағаны үшін адамдар тәртіптік жауаптылыққа тартылды;
 - 11) өтінішті тиісті дәрежеде қарамағаны үшін адамдар әкімшілік жауаптылыққа тартылды;
 - 12) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін тәртіптік жазаға тартылды;
 - 13) субъект өз қызметін жақсарту бойынша ұйымдастырушылық шараларды қабылдады;
 - 14) нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер бастамасы бойынша шаралар қабылданды;
 - 15) жеке тұлғаға қатысты тексеру жүргізілді;
 - 16) шаруашылық жүргізуші субъектісінде тексеру жүргізілді;
 - 17) мемлекеттік органда тексеру жүргізілді;
 - 18) тексеру нәтижелері бойынша кінәлілер материалдық жауаптылыққа тартылды;
 - 19) тексеру нәтижелері бойынша кінәлілер тәртіптік жауаптылыққа тартылды;
 - 20) тексеру нәтижелері бойынша кінәлілер әкімшілік жауаптылыққа тартылды;
 - 21) тексеру нәтижелері бойынша кінәлілер қылмыстық жауаптылыққа тартылды;
 - 22) тексеру нәтижелері бойынша кінәлілер атқаратын лауазымынан босатылды;
 - 23) үндеу зерделеніп, материалдар уәкілетті органға жолданды;
 - 24) өтініш зерделеніп, материалдар жұмыста қолданылды немесе БАҚ-та жарияланды;
 - 25) авторды басшылық қабылдады;
 - 26) жоғары тұрған орган қанағаттандырды;
 - 27) жауаптардың көшірмелері берілді, істің материалдарымен таныстырылды.
2. Бас тартылды:
- 1) Заңның 12-бабы тәртібінде (шағымдану үшін мерзімі өткізілген);
 - 2) өтініште көрсетілген деректер расталмады;
 - 3) өтініште қойылған сұрақ қолданыстағы заңнамаға қайшы келеді;
 - 4) өзге де негіздер бойынша.
3. Түсіндірілді:

- 1) жазбаша түсініктемелер берілді;
 - 2) жеке қабылдау барысында ауызша түсініктемелер берілді;
 - 3) телефон арқылы түсініктемелер берілді;
 - 4) уәкілетті органға жүгіну ұсынылды;
 - 5) уәкілетті орган толық жауап берді.
4. Тоқтатылды:
- 1) Заңның 11-бабы 1-тармағы тәртібінде;
 - 2) Заңның 14-бабы 7-тармағына сәйкес (өтінішті қарауды тоқтату туралы өтінішхатпен автордың өтініші түскен жағдайда).
5. Қаралмастан жабылды:
- 1) иесі бүркемеленген өтініштер (Заңның 5-бабы 1-тармағы 1) тармақшасы);
 - 2) мәселенің мәні баяндалмаған өтініш (Заңның 5-бабы 1-тармағы 2) тармақшасы);
 - 3) қандай да бір ұсынымдар, талаптар, өтінішхаттар, өтініш айтулар болмаған кезде (Заңның 10-бабы 2-тармағы).



Жеке және заңды тұлғалардың
өтініштерін есепке алу Қағидаларына 7-
қосымша

нысан

«Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау туралы» №1-ТӨ нысанды есеп
А кестесі «Жеке тұлғалардың өтініштерін қарау»

А	Атауы	Б	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18	
																					жолдың коды
								4-бағаннан									14-бағаннан				17-бағаннан

Барлығы	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18	19	20	21	22
мемлекеттік құрылым	мемлекеттік басқарудың жалпы мәселелері																					
	саяси партиялар																					
	Қоғамдық және діни бірлестіктер																					
	халықтың көші-қоны мәселесі бойынша заңнама																					
	Сайлау																					
	сыбайлас жемқорлық																					
	адамның құқықтары мен бостандықтары																					
	табиғи-шикізат ресурстарын және экологияны пайдаланудың жалпы мәселелері																					
табиғи-шикізат ресурстарын пайдалану, экология	жер ресурстары																					
	мемлекеттік экологиялық сараптама																					
	қоршаған ортаны қорғау саласындағы лицензиялау																					
	қоршаған ортаны қорғау саласында рұқсат беру																					
	су ресурстары																					
	жалпы қаржылық мәселелер																					
	банктік қызмет																					
	сақтандыру қызметі																					
қаржы қызметі	күнделікті қаржы нарығындағы қызмет																					
	кедендік қызмет																					
	жинақтаушы зейнетақы қорының қызметі																					
	экономикалық және жоспарлаудың жалпы мәселелері																					
	салықтық қатынас																					
	қалық қызмет, жоспарлау																					
	экономикалық қызмет																					
	ау																					

19	Қаралды (1 және 2-бағандардан)		20	21	22	23	24	25	26	27	28	29	30	31	32	33	34	35	36	37	38				
		шешім қабылданды (19-бағаннан)				шешім қабылданды (27-бағаннан)			назарға алынды және іске жабылды (10-бабы 2-тармағы)			қарымастан жабылды (5-бабы 1-тармағы 1) және 2)-тармақшалары)	белгіленген мерзімі бұзылып қаралды	мерзімі ұзартылып қаралды	есептік кезеңнің соңына қалдық		Түсті қарамағаны үшін жауаптылыққа тартылған тұлғалардың саны, с.і.осы мемлекеттік органда қызмет атқаратын өз қызметкерлерінің қатарынан тәртіптік жауаптылыққа тартылған тұлғалар саны								
			толық және ішінара қанағаттандыру туралы	өтініштер қанағаттандырылды	шағымдар қанағаттандырылды	қанағаттандырылды, с.і. ведомстволық бағынысты органдар бас тартқандардың ішінде	қанағаттандырудан бас тарту туралы	түсінік беру туралы	қарудың қысқартылуы туралы	қайтадан қаралды	толық немесе ішінара қанағаттандыру туралы	қанағаттандырудан бас тарту туралы	түсінік беру туралы	қарудың қысқартылуы туралы	назарға алынды және іске жабылды (10-бабы 2-тармағы)		қарымастан жабылды (5-бабы 1-тармағы 1) және 2)-тармақшалары)	белгіленген мерзімі бұзылып қаралды	мерзімі ұзартылып қаралды	есептік кезеңнің соңына қалдық		Түсті қарамағаны үшін жауаптылыққа тартылған тұлғалардың саны, с.і.осы мемлекеттік органда қызмет атқаратын өз қызметкерлерінің қатарынан тәртіптік жауаптылыққа тартылған тұлғалар саны			
			толық және ішінара қанағаттандыру туралы	өтініштер қанағаттандырылды	шағымдар қанағаттандырылды	қанағаттандырылды, с.і. ведомстволық бағынысты органдар бас тартқандардың ішінде	қанағаттандырудан бас тарту туралы	түсінік беру туралы	қарудың қысқартылуы туралы	қайтадан қаралды	толық немесе ішінара қанағаттандыру туралы	қанағаттандырудан бас тарту туралы	түсінік беру туралы	қарудың қысқартылуы туралы	назарға алынды және іске жабылды (10-бабы 2-тармағы)		қарымастан жабылды (5-бабы 1-тармағы 1) және 2)-тармақшалары)	белгіленген мерзімі бұзылып қаралды	мерзімі ұзартылып қаралды	есептік кезеңнің соңына қалдық		Түсті қарамағаны үшін жауаптылыққа тартылған тұлғалардың саны, с.і.осы мемлекеттік органда қызмет атқаратын өз қызметкерлерінің қатарынан тәртіптік жауаптылыққа тартылған тұлғалар саны			
			толық және ішінара қанағаттандыру туралы	өтініштер қанағаттандырылды	шағымдар қанағаттандырылды	қанағаттандырылды, с.і. ведомстволық бағынысты органдар бас тартқандардың ішінде	қанағаттандырудан бас тарту туралы	түсінік беру туралы	қарудың қысқартылуы туралы	қайтадан қаралды	толық немесе ішінара қанағаттандыру туралы	қанағаттандырудан бас тарту туралы	түсінік беру туралы	қарудың қысқартылуы туралы	назарға алынды және іске жабылды (10-бабы 2-тармағы)		қарымастан жабылды (5-бабы 1-тармағы 1) және 2)-тармақшалары)	белгіленген мерзімі бұзылып қаралды	мерзімі ұзартылып қаралды	есептік кезеңнің соңына қалдық		Түсті қарамағаны үшін жауаптылыққа тартылған тұлғалардың саны, с.і.осы мемлекеттік органда қызмет атқаратын өз қызметкерлерінің қатарынан тәртіптік жауаптылыққа тартылған тұлғалар саны			

«Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау туралы» №1-ТӨ нысан
Б кестесі «Заңды тұлғалардың өтініштерін қарау»

Атауы		жолдың коды		жыл басында қаралмаған өтініштердің саны		есептік кезінде келіп түскен өтініштер		жеке қабылдау келіп түскен өтініштер		жарая тұрған субъектілерден келіп түскен		Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінен		Қазақстан Республикасы Премьер Министрдің кеңесінен		депутаттардан		басқа субъектілерден, лауазымды тұлғалардан келіп түсті		өтініштер		шағымдар		оның ішінде кәсіпкерлердің шағымдары (10-бағаннан)		басқа да өтініштер		іесі бүркемеленген өтініштер		басқа субъектілерге қарау үшін, с.і. аумақтылығы бойынша жіберілгендер		басқа субъектілерге қарау үшін жіберілді, с.і. аумақтылығы бойынша қайталап		жотары тұрған субъектілерге жолданды		төменгі тұрған субъектілерге қарау үшін жіберілді		17-бағаннан	
		Б	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18																			
Мемлекеттік құрылым	Барлығы	А	Б	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18																		
		2	1																																				
		3																																					
		4																																					

Handwritten signature

	5	халықтың көші-қоны мәселесі бойынша заңнама сайлау	
	6	сыбайлас жемқорлық	
	7	адамның құқықтары мен бостандықтары	
	8	табиғи-шикізат ресурстарын және экологияны пайдаланудың жалпы мәселелері	
	9	жер ресурстары	
	10	мемлекеттік экологиялық сараптама	
	11	қоршаған ортаны қорғау саласындағы лицензиялау	
	12	қоршаған ортаны қорғау саласында рұқсат беру	
	13	су ресурстары	
	14	жалпы қаржылық мәселелер	
	15	банктік қызмет	
	16	сақтандыру қызметі	
	17	құнды қағаздар нарығындағы қызмет	
	18	кедендік қызмет	
	19	жинақтаушы зейнетақы қорлардың қызметі	
	20	экономиканың және жоспарлаудың жалпы мәселелері	
	21	салықтық қатынас	
	22	мемлекеттік мүлік	
	23	лицензиялау	
	24	жылжымайтын мүлік	
	25	мүлікті заңдастыру	
	26		
табиғи-шикізат ресурстарын пайдалану, экология			
қаржы қызметі			
экономикалық қызмет, жоспарлау			

жер және жерді пайдалану мәселелері	27	жерді пайдаланудың жалпы мәселелері																		
жер және жерді пайдалану	28	ауыл шаруашылық қызметін жүргізу үшін жер бөлу																		
жер және жерді пайдалану	29	ЖТҚ құрылысы үшін жер бөлу																		
қарулы күштер, басқа әскерлер мен әскери құрылымдар	30	қарулы күштер, басқа әскерлер мен әскери құрылымдар																		
халықаралық қатынас	31	халықаралық қатынас																		
кәсіпкерлік	32	кәсіпкерліктің жалпы мәселелері																		
статистика	33	статистика																		
еңбек және халықты жұмыспен қамту, әлеуметтік және зейнетақымен қамтамасыз ету	34	еңбек және халықты жұмыспен қамту, әлеуметтік және зейнетақымен қамтамасыз ету																		
еңбек және халықты жұмыспен қамту, әлеуметтік және зейнетақымен қамтамасыз ету	35	жұмысқа орналасу және одан босатылу, с.і. жұмысқа орналасуға көмек көрсету бойынша мәселелер																		
еңбек және халықты жұмыспен қамту, әлеуметтік және зейнетақымен қамтамасыз ету	36	жұмыс берушінің өндірістік жаракаттануды рәсімдеуі бойынша мәселелер																		
еңбек және халықты жұмыспен қамту, әлеуметтік және зейнетақымен қамтамасыз ету	37	жалақы бойынша қарыздар																		
денсаулық, гигиена және сақтау және тазалық	38	денсаулық, тазалық сақтау және гигиенаның жалпы мәселелері																		
денсаулық, гигиена және сақтау және тазалық	39	азық-түліктерді сату кезінде және қызмет көрсету кезінде тазалық нормаларын сақтау мәселелері																		
Тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі жалпы мәселелер	40	Тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі жалпы мәселелер																		
өнеркәсіп	41	өнеркәсіп																		
құрылыс	42	құрылысты мемлекеттік реттеудің жалпы мәселелері																		

	және сапасы																			
мәдениет және өнер		59																		
бұқаралық ақпарат құралдары		60																		
спорт және дене шынықтыру, туризм		61																		
сот төрелігі мәселелері		62																		
құқық тәртібі мәселелері		63																		
әкімшілік полиция қызметі		64																		
тергеу және анықтау		65																		
халықты құжаттандыру және тіркеу		66																		
төтенше жағдай		67																		
мемлекеттік билік органдары мен лауазымды тұлғалардың шешімдеріне және іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану		68																		
Соның ішінде:	жергілікті атқарушы органдардың (әкімдік)	69																		
	мемлекеттік органдардың	70																		
	құқық қорғау органдардың	71																		
«Мемлекеттік қызметтер көрсету туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес келіп түскендер		72																		
басқа өтініштер		73																		

Тісті карағаны үшін жауаптылыққа тартылған тұлғалардың саны, с.і.осы субъектіде қызмет атқаратын өз қызметкерлерінің қатарынан тәртіптік жауаптылыққа тартылған тұлғалар саны		акімшілік жауаптылыққа	
		тәртіптік жауаптылыққа	
есептік кезеңнің соңына қалдық			
мерзімі ұзартылып қаралды			
белгіленген мерзімі бұзылып қаралды			
қарамастан есептен шығарылды (5-бабы 1-тармағы 1) және 2)-тармақшалары)			
мәліметке қабылданды және іске есептен шығарылды (10-бабы 2-тармағы)			
шешім қабылданды (27-бағаннан)	караудың қысқартылуы туралы		
	түсінік беру туралы		
	қанағаттандырудан бас тарту туралы		
	толық немесе ішінара қанағаттандыру туралы		
қайтадан қаралды			
шешім қабылданды (19-бағаннан)	караудың қысқартылуы туралы		
	түсінік беру туралы		
	қанағаттандырудан бас тарту туралы		
	20-бағаннан	өтініштер қанағаттандырылды	
		шағымдар қанағаттандырылды	
		қанағаттандырылды, с.і. ведомстволық бағынысты органдар бас тартқандарын ішінде	
	толық және ішінара қанағаттандыру туралы		
Қаралды (1 және 2-бағандардан)			

19	20	21	22	23	24	25	26	27	28	29	30	31	32	33	34	35	36	37	38	

Handwritten signature

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының
_____ 2015 жылғы
№ _____ бұйрығына
2-қосымша

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының күші жойылған бұйрықтарының тізімі

1. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін есепке алу Ережесін, «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау туралы» № 1-ОЛ нысанды есепті және оның құрылуы жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2011 жылғы 16 қарашадағы № 109 бұйрығы (Нормативтік құқықтық кесімдерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7315 тіркелген, 2011 жылы 13 желтоқсанда №183 (1999) «Заң газеті» газетінде жарияланған);

2. Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2011 жылғы 16 қарашадағы «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін есепке алу Ережесін, «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау туралы» № 1-ОЛ нысанды есепті және оның құрылуы жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы» № 109 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2012 жылғы 14 маусымдағы № 66 бұйрығы (Нормативтік құқықтық кесімдерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7742 тіркелген, ҚР орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілер Бюллетені № 8, тамыз 2012 ж. 466-құжат; Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағы, 2012 жылғы № 11 (тираждың шыққан уақыты 27.08.2012 ж.));

3. «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін есепке алу ережесін, «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау туралы № 1-ТӨ нысанды есепті және оның құрылуы жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2011 жылғы 16 қарашадағы № 109 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2013 жылғы 29 қарашадағы № 111 бұйрығы (Нормативтік құқықтық кесімдерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9002 тіркелген, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2014 жылы 5 тамызда жарияланған);

4. «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін есепке алу Ережесін, «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау туралы» № 1-ТӨ нысанды есепті және оның құрылуы жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2011 жылғы 16 қарашадағы № 109 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан



Республикасы Бас Прокурорының 2014 жылғы 22 желтоқсандағы № 158 бұйрығы (Нормативтік құқықтық кесімдерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10118 тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылы 29 қаңтарда жарияланған).

